# Паспорт образовательной программы

**Дата регистрации в Реестре**
2022.07.26 15:01

**Регистрационный номер**
19835

**Дата обновления паспорта ОП**:
2022.07.26 15:02

**Код и наименование специальности**:
07140100 Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)

**Код и наименование квалификации/квалификаций**:
3W07140101 Бақылау өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь

**Регион**:
Маңғыстау облысы

**Организация ТиППО (Разработчик)**:
Маңғыстау облысының білім басқармасы "Бейнеу политехникалық колледжі" МКҚК

**Партнеры-разработчики**:
" Бейнеу Су Сервис" ЖШС

**Цель ОП**:
Өндірістік процестерді автоматтандыру саласында бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу бойынша білікті мамандардың жаңа буынын дайындау.

**Уровень по НРК**:
3

**Уровень по ОРК**:
3

**Профессиональный стандарт (при наличии)**:
" Электр энергиясын беру және тарату қызметін метрологиялық қамтамасыз ету" кәсіби стандарты № 40 қосымшасы ҚР "Атамекен" ҰКП төраға орынбасарының № 255 бұйрығы 18.12.2019ж
"Көмекші жүйелерге, бақылау-өлшеу аспаптарына және автоматикаға қызмет көрсету" ҚР Ұлттық "Атамекен" Кәсіпкерлер палатасы 27.12.2019г. №266- бұйрығына № 34- қосымша

**Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии)**:
Өндірістік автоматика, 2019 жыл

**Форма обучения**:
күндізгі

**База образования**:
негізгі орта білім

**Язык обучения**:
мемлекеттік

**Общий объем кредитов**:
180

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**
17.03.2022 ж.

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью**:
№ 12014741

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью**:
№ 042

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**
-

**Отличительные особенности ОП**:
-

**Сведения о содержании модулей/дисциплин**:

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | ЖБП 1. Қазақ тілі | Мәтіндегі негізгі ойды анықтау, стильдік ерекшелігін тану, жанрлық ерекшелігін ажырату.Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу, тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру.Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында шешен сөйлеу.Көпшілікке арналған очерктің жанрлық ерекшелігін талдау.Таза ғылыми стильдегі тезис, аннотацияның құрылымы мен рәсімделуін білу.Әртүрлі жанрдағы мәтіндерге болжам жасау, стильдік ерекшелігін тану.«Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – ана тілін | 3/72 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету. | |
| | ЖБП 2. Қазақ әдебиеті | Әдеби шығарманың жанрлық табиғатына талдау жасау, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру.Тарихи және көркемдік құндылығы, заманауилығы мен жаңашылдығына баға беру. Әдеби шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу, қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау. Көркем шығармадағы автор бейнесіне талдау жасау, көркем шығарманың тілдік ерекшелігі бойынша шығармашылық жұмыс орындау. Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығын бағалау. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын анықтау, бағалау. | 3/72 |
| | ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті | Орыс тілі мен әдебиеті-студенттердің іргелі дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді, олардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, | 4/96 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | жалпы  білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Бағдарлама көркем және көркем емес мәтіндердің көмегімен студенттердің дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, өмір салты, басқа халықтардың тарихы туралы көзқарастарын кеңейтеді, бұл басқа халықтарға құрметпен қарауға тәрбиелейді және жалпыадамзаттық құндылықтар туралы түсінік қалыптастырады. | |
| | ЖБП 4.  Шетел  тілі | Шетел тілін меңгеру – тілдік дағдылар жүйесін үйрену.Тілді үйренудің  нәтижелілігі білім алушылар  мүмкіндігінше шет тілінде көп сойлеп, тыңдап, оқып, жазуға дағдылану. | 4/96 |
| | ЖБП 5. Дүниежүзі тарихы | Дүниежүзі тарихы пәнін оқыту білім алушылардың әлем тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының әртүрлі тарихи кезеңдегі негізгі сұрақтары бойынша түсінік қалыптастыруды көздейді. Әртүрлі тарихи кезеңдегі қоғамдағы негізгі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени мәселелер туралы білімдерді қалыптастыру; Дүниежүзі тарихын «Қазақстан тарихы», «География»  пәндерімен байланыстыра отырып, тарихқа қызығушылық таныту, тарихи санасын  көтеруге ықпал жасайды. | 3/72 |
| | ЖБП 6.  Өзін-өзі тану | Өзін-өзі тану бойынша білім алушылардың күнделікті өмірден алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолдана отырып, қоғамға белсенді түрде қызмет етуді қарастырады. "Өзін-өзі тану" пәні  – ойы, сөзі және ісі бірлікте көрінетін адами | 2/48 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | кемелденудің өркендеуіне жағдай жасау, әр білім алушының өзіндік рухани-адамгершілік болмысының және шығармашылық әлеуетінің ашылуына септігін тигізу. | |
| | ЖБП 7. Математика | " Функция, тригонометриялық функциялар туынды және интеграл", "Дифференциалдық теңдеулер", "Ықтималдылық теориясы элементтері және математикалық статистика", "Айналу денелері мен көлемі" бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамыту | 8/192 |
| | ЖБП 8. Қазақстан тарихы | Қазақстан тарихы пәні - отандық тарихты зерделеу өткен тарихи оқиғаларды түсіну және оларды талдау негізінде қазіргі замандағы орнын анықтау, азаматтық ұстанымын қалыптастыру және оқиғалар мен құбылыстарға жеке көзқарасын білдіре отырып, олардың маңызы мен мәнін түсінуді қамтамасыз ететін жеке тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған.Оқу пәнінің мазмұны білім алушыларға әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның әлемдік тарихи процестегі орны мен рөлін анықтай отырып, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолдарының негізгі ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. | 4/96 |
| | ЖБП 9. Информатика | Жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етудің міндеті мен негізгі функцияларын; деректер қорын басқару жүйелерімен жұмыс істеу негіздерін; программалық | 2/48 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | қамтамасыз етуді әзірлеу үшін өмірлік циклдің модельдерін; веб-бағдарламалау негіздерін біледі;Реляциялық деректер қорын ұйымдастыру принциптерін; желілік технологияның қызмет етуінің негізгі принциптерін; дыбыстық және бейнеақпараттарды өңдеу принциптерін, ақпараттық технологияларды дамытудың негізгі үдерістерін түсінеді; Ақпараттық объектілерді жасау және өзінің жұмыс нәтижелерін ресімдеу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды; деректер қорында сұраныс құрастыру ережелерін; Ақпаратты іздеу үшін бірнеше белгілер мен қатынас операторларын қолдану арқылы сұранысты; есепті модельдеу, алгоритмдеу және бағдарламалау арқылы шешудің тиісті әдістерімен шешу жолдарын талдайды; | |
| | ЖБП 10. Физика | Пәнді оқыту барысында білім алушылардың ғылыми-дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық - ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын,өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Игерген физикалық білімдерімен жұмыс істей алу үшін әр түрлі ақпарат көздерін және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана алуды мақсат етеді. | 6/144 |
| | ЖБП 11. Химия | Зат және олардың айналымын, заттар қасиеттерінің олардың | 6/144 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін, химиялық үдерістердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарын және оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуды, ақпаратты сыни бағалауды және шешім қабылдауды меңгеру. | |
| | ЖБП 12. География | Географиялық зерттеу әдістері, картография және геоинформатика, табиғатты пайдалану және геоэкология, геоэкономика, геосаясат, елтану, адамзаттың жаһандық мәселелері зерттеледі. | 3/72 |
| | ЖБП 13. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық | Бұл пән  әскери білімге негізделген және білім алушыларды  Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарындағы әскери қызметке бағыттайды. Пәннің негізгі мақсаты- білім алушыларға теориялық  білімді қалыптастыру мен қатар    Қазақстан Республикасын қорғауда жауапкершілік пен патриоттық сезімге тәрбиелеу. | 4/96 |
| | ЖБП 14. Дене тәрбиесі | Дене шынықтыру туралы білім, жеңіл атлетика, спорттық ойындар, гимнастика, ұлттық спорт түрлері, қысқы спорт түрлері бойынша қабілетін жетілдіреді, дамытады. Жеке тазалық ережелерін сақтау қажеттілігін түсінуге; пәндік білімдерін, шеберліктері мен дағдыларын күнделікті өмірлерінде қолдануға; дене жаттығуларының адамның физикалық және энергетикалық жүйелеріне әсерін білуге; жеке бас пен моральдық-өнегелілік қасиеттерін дамытудың маңыздылығын және әділ | 5/120 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | бәсекелестік пен өздерін үздіксіз дамытудың қажеттілігін түсінуге мүмкіндік береді. | |
| | БМ 1. Физикалық қасиеттерді дамыту және жетілдіру | ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаларын сақтау. | 3/72 |
| | | ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру. | 4/96 |
| | БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану | ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру. | 1/24 |
| | | ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану. | 1/24 |
| | БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану | ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру. | 1/24 |
| | | ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау. | 1/24 |
| | | ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің "жасыл" экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну. | 1/24 |
| | | ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру. | 0,5/12 |
| | | ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау. | 0,5/12 |
| | КМ 1. Аспаптарды, автоматика жүйелерінің электрлік және пневматикалық сұлбаларын | ОН 1.1. Құрал саймандарды, жабдықтар мен айлабұйымдарды монтаждау алдында тексеруді жүзеге асыру. | 3/72 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | монтаждауды орындау | | |
| | | ОН 1.2. Әртүрлі автоматика жүйелерінің аспаптары мен электр тізбектерін монтаждаудың реттілігі мен оңтайлы тәсілдерін анықтау. | 3/72 |
| | | ОН 1.3. Аспаптарды, автоматиканың әртүрлі жүйелерінің пневматикалық және электр сұлбаларын, қалқандар мен пульттерді монтаждау. | 3/72 |
| | | ОН 1.4. Бақылау өлшеу аспаптары мен автоматиканы монтаждау бойынша слесарлық жұмысты орындау. | 3/72 |
| | | ОН 1.5. Күрделілігі орташа бақылау өлшеу аспаптары мен автоматика құралдарына монтаждауды орындау. | 3/72 |
| | | ОН 1.6. Бақылау өлшеу аспаптары мен автоматиканы демонтаждау және монтаждау үшін қажетті қайта қосуды жүргізу. | 3/72 |
| | КМ 2. Аспаптар мен автоматика құралдарын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсетуді орындау | ОН 2.1. Аспаптар мен автоматика жүйелерін тексеру үшін жабдықтар мен құрылғыларды дайындауды жүзеге асыру. | 4/96 |
| | | ОН 2.2. Аспаптар мен автоматика жүйелеріне қызмет көрсетудің реттілігі мен оңтайлы режимдерін анықтау. | 4/96 |
| | | ОН 2.3. Бақылау өлшеу аспаптары мен автоматика жүйелерін тексеруді жүзеге асыру. | 6/144 |
| | | ОН 2.4. Бақылау өлшеу аспаптары мен автоматика диагностикасына техникалық қызмет көрсету кезінде бақылау шараларын белгілей отырып,тәуекелдерді бағалауды жүргізу. | 6/144 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | КМ 3. Бақылау өлшеу аспаптары мен автоматика жүйелерін құрастыруды, жөндеуді және реттеуді орындау | ОН 3.1. Аспаптардың бүліну себептерін анықтау және жою. | 4/96 |
| | | ОН 3.2. Жөндеу жүргізілгеннен кейін бақылау өлшеу аспаптары мен автоматты құрылғылардың жұмысқа жарамдылығын тексеру, жүргізу. | 8/192 |
| | | ОН 3.3. Бақылау өлшеу аспаптары мен механизмдерін жөндеу және реттеу бойынша слесарлық - құрастыру жұмыстарын орындау. | 8/192 |
| | | ОН 3.4. Бақылау өлшеу аспаптары мен автоматиканы жөндеу кезінде қауіпті жағдайларды анықтау және бақылау. | 8/192 |
| | КМ 4. Бақылау өлшеу функцияларына арналған қарапайым электрондық аспаптарды баптауды орындау | ОН 4.1. Әртүрлі жұмыстарды орындау үшін материалдар мен құралдарды таңдау және қолдану. | 8/192 |
| | | ОН 4.2. Автоматика аспаптары мен жүйелерін іске қосу баптау жұмыстарының реттілігі мен оңтайлы режимдерін анықтау. | 6/144 |
| | | ОН 4.3. Бөлшектер мен тораптарды қиыстыра және жетілдіре отырып қарапайым электронды жылу техникалық аспаптарды, автоматты газ талдағыштарды, бақылау өлшеу ,электромагниттік, электрдинамикалық механизмдерді баптауды жүзеге асыру. | 7/168 |
| | | ОН 4.4. Автоматты құрылғылар мен қарапайым автоматика жүйелерін пайдалану процесінде | 7 /168 |

| № | Наименование модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|---|---|
| | | реттеуді жүзеге асыру. | |
| | | ОН 4.5. Бақылау өлшеу аспаптары мен автоматты құрылғыларды пайдалану сынақтарын жүргізу. | 7/168 |
| | Аралық және қорытынды аттестаттау | - | 9/216 |